bilimger.kz Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# «Жабайы жануарлар »

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
| --- | --- |
| 28.02.2020 | https://bilimger.kz/90927/ |

Қарағанды облысы

Теміртау қаласы

№19 «Ақтілек» бөбекжайы

Тәрбиеші: Алеханы.К

Тақырыбы: «Жабайы жануарлар »

Мақсаты: балаларға жабайы жануарларының неліктен «жабайы жануарлары» деп атауын түсіндіру,пайдасы туралы әңгімелесу. 1.Білімділік міндеті: олардың аттарын дұрыс атап,аңдардың дұрыс ажырата білуге үйрету. 2.Дамытушылық міндеті: жұмбақ шешу арқылы ой-өрістерін дамыту. 3.Тәрбиелік міңдеті:жабайы жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. 4.Әдіс тәсілдері: шаттық шеңбері,сұрақжауап,дидактикалық ойын,лепбук,сергіту сәті. 5.Көрнекілігі: жабайы жануарларының суреттері

Барысы: Ұйымдастыру кезені:
Тәрбиеші: Балалар шаттық шеңбер құрып тұрады да,бір-бірімен кезектесіп амандасады. Сәлеметсің бе? Азамат! Сәлеметсің бе? Айша! Сәлеметсің бе? Райымбек! Сәлеметсіз бе? Кульзира апай! Сәлеметсіңдер ме? балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымың! Былайша бір-бірімен сәлемдесу аяқталған сон,төмендегі сөздерді айтады.

Армысың.сұлу күн! (күнге қарап бас иеді)

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

Армысың ашық аспан! (аспанға қарап бас иеді) Қайырлы күн баршаға! (құшақтарын жаяды).

Шаттық шеңбері:
Кел,балалар,ойлайық Ойлайық та,ойнайық. Қандай жұмбақ болса да Шешпей оны қоймайық.

Тәрбиеші:Мен бүгін балабақшаға келе жатып, сандық тауып алдым. Ол сандықтың ішінде ормандағы аңдарды сиқырлап салып қойыпты. Оларды құтқару үшін жұмбақтарды шешу керек екенбіз.

-Көлеңкесінен қорқып безектейді,
Ал, оның баласын көжек,- дейді. (қоян)

—Төрт түлəктің рəкеті ,
Түзде жүрер көк сері (қасқыр)

—Өзі ширақ,өзі қу
Жүрген жері айқай-шу. (түлкі)

—Тұмсығы ұзын күшті,
Өзі ерен мықты. (піл)

-Қара ала тоны бар,
Ол аңдардың қыраны.
Жатқанын көп көрмейміз,
Серейіп көп тұрады. (керік)

Санай алмай шаршадым-
Найзасы бар қанша мың.
Батыр емес бірақ та,
Қашып жүрер жыраққа. (кірпі)

Тəрбиеші:— Бұлардың барлығын бір сөзбен қалай айтамыз?
Балалар:-жабайы аңдар.
Тəрбиеші:— Олар қайда тұрады?
Балалар:-орманда тұрады.
Тәрбиеші: қандай жабайы жануарларды білесіңдер? Балалар: аю,қасқыр,түлкі,жолбарыс,арыстан,піл,барыс. Тәрбиеші: Жабайы жануарларды ешкім бақпайды.Өз корегін өздері тауып жейді және төлдерің өздері асырайды.

Дидактиқалық ойын: «Ненің баласы?» Ойынның

мақсаты:балалардың білімің жетілдіру. Ойынның шарты: балаларға суреттерді көрсете отырып,сұрақ қою.

Аюдың баласы— қонжық

Қасқырдың баласы – бөлтірік

Түлкінің баласы – мыршай

Қоянның баласы – көжек Арыстанның баласы- абдан Жолбарыстың баласы- шөнжік Тиіннің баласы- тиин Кірпінің баласы- кірпі

Сергіту сәті :

Біз орманға барайық,

Жан-жағымызға қарайық.

Аю шықты қорбаңдап,

Қасқыр шықты ырылдап. Түлкі шықты майысып, Қоян шықты майысып, Қорықпандар балалар, Қарап қарап алыңдар.

Тәрбиеші : Лепбук «Жабайы аңдар»

Мақсаты: балалардың жабайы аңдар туралы білімдерің кеңейту.

Лепбуктың тапсырмасы:

1. «Кескін суреттерді құрастыру» 2. «Жабайы жануарларды ата». 3. « Немен коректенеді?» 4. «Аңдардың көленкесін тап» 5. «Ненің құйрығы?» 6. «Не артық»

Тәрбиеші: жабайы аңдар туралы тақпақтар айту.

Қорытындылау: - Қандай жабайы жануалармен таңыстық?

(жабайы жануарлармен)

-Неліктен оларды жабайы жануарлар деп атаймыз?

(өз азығын өздері тауып жейді) -Балалар жабайы жануарлар қайда мекендейді? (орманда,тауда,) –Жарайсыңдар балалар!Рахмет!

Белсенді қатысқан балаларды мадақтау.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.